

**Мамандық бойынша тест: 2-пән**

1. Топырақ ауасы құрамындағы көмірқышқыл газы (CO<sub>2</sub>):
  - A) негізінен жауын-шашын әсерінен түзіледі
  - B) мөлшері 10-19% болғанда, өсімдіктерге тиімді
  - C) негізгі қоры минералдық тыңайтқыштар енгізгенде түзіледі
  - D) атмосфера ауасы құрамымен салыстырғанда 10 есе көп
  - E) мөлшері орта есеппен 0,003%
  - F) атмосфера ауасы құрамымен салыстырғанда 10 есе аз
  - G) мөлшері орта есеппен 0,3%
  - H) негізінен биологиялық үрдіс кезінде түзіледі
  
2. Арнайы топырақтану бағытындағы салалар:
  - A) топырақ тарихы
  - B) топырақ картографиясы
  - C) физика
  - D) экологиялық топырақтану
  - E) инженерлік топырақтану
  - F) минерология
  - G) ауылшаруашылық топырақтануы
  - H) топырақты қорғау
  
3. Топырақ құнарлылығын қалыптастыратын топырақтың физикалық қасиеттеріне жатады:
  - A) радиоактивті элементтер мөлшері
  - B) тотығу-тотықсыздану потенциалы
  - C) топырақ реакциясы
  - D) химиялық құрамы
  - E) гранулометриялық құрамы
  - F) микроағзалардың ферменттік белсенділігі
  - G) жылулық, ылғалдылық қасиеттері
  - H) түйіртпектілігі
  
4. Топырақ түзуші факторлар:
  - A) радиоактивті заттар
  - B) топырақтың қарашіріндісі
  - C) микроэлементтер
  - D) жер бедері, аналық тау жынысы
  - E) топырақ биотасы
  - F) топырақтың жаңа жарандылары
  - G) климат, уақыт
  - H) техникалық прогресс

5. Қазақстанның таулы аумақ топырақтары:

- A) Солтүстік Қазақстан аумағында орналасқан
- B) топырақтардың ендік таралу заңдылығына сәйкес орналасқан
- C) топырақтардың тік аймақтық таралу заңдылығына сәйкес орналасқан
- D) аумағы 57,4 млн га
- E) интрааймақтық топырақтар ғана орналасқан
- F) республика жер аумағының 13,6 %-ын алып жатыр
- G) республика жер аумағының 53 %-ын алып жатыр
- H) аумағы 37 млн га

6. Топырақ коллоидтары потенциал анықтаушы иондар қабатының зарядына байланысты топырақта кездеседі:

- A) органикалық-минералды коллоидтар
- B) амфолитоидтар
- C) гидрофильді коллоидтар
- D) минералды коллоидтар
- E) органикалық коллоидтар
- F) гидрофобты коллоидтар
- G) ацеидтар
- H) базидтар

7. Топырақтың жылу қасиеттері:

- A) жылу алмастырғыштығы
- B) жылуға төзімділігі
- C) жылу сіңіру
- D) тоңазуы
- E) жылу өткізгіштігі
- F) жылу сүйгіштігі
- G) жылу тартымдылығы
- H) жылу сыйымдылығы

8. Қара топырақтың типшелері:

- A) оңтүстік
- B) күлгінденген, сілтісізденген
- C) глейленген, шымданған
- D) шымтезектенген
- E) нағыз, кәдімгі
- F) батпақты, сор
- G) батыс
- H) солтүстік

9. Топырақтың тотығу-тотықсыздану құбылымы:

- A) топырақ түзілуінің жылдық мерзімі ішінде топырақ кескінінде қалыптасқан тотығу-тотықсыздану құбылыстары қарқынның салыстырмалы сипаттамасы
- B) топырақтағы тотығу-тотықсыздану үрдістерінің динамикасына байланысты
- C) 6 типке жіктеледі
- D) 1 г топырақты 1°C-қа қыздыру үшін қажет жылу калориясымен сипатталады
- E) топырақтың ауа, ылғалдылық, жылу және микробиологиялық құбылымдары әсер етеді
- F) топырақта болып жатқан барлық химиялық, физикалық-химиялық үрдістердің жиынтығы
- G) тек ылғалды, батпақты топырақтарда ғана қалыптасады
- H) барлық топырақтарда бірдей шамада болатын тұрақты құбылым

10. Топырақ құнарлылығына биологиялық баға беру:

- A) топырақтарды морфологиялық-генетикалық жіктеу
- B) жер бедерінің биіктігін анықтау
- C) органикалық тыңайтқыштарды өндіру мен тасымалдауда кеткен шығындарды есептеу
- D) топырақтың өсімдік фотосинтезі өнімділігін қуаттай алатын қасиетін көрсетеді
- E) өсімдіктердің жылына орташа есеппен осы топырақта өсіп-өнгенде қанша биологиялық өнімділік түзе алатын мәнін есептеу
- F) морфологиялық белгілері мен аналық тау жыныстарын сипаттау
- G) топырақта таралған жаңа жарандыларды, кірме заттарды санау
- H) топырақ құнарлылығының сандық мән көрсеткішін сипаттайды